Тәрбиеші Нарбек Ұлжан 03 желтоқсанда «Болашақ» ересек тобында қоршаған ортамен танысудан «Тәуелсіздікке -30 жыл» тақырыбындағы ашақ оқу қызметін өткізді. Балаларға тәуелсіздіктің қалай келгенін түсіндірді. Отан туралы тақпақтар

айтылып, жұмбақтар шешілді. Желтоқсан туралы көрініс көрсетілді. Балаларды өз отанын сүйуге, туған жерін қорғай білуге тәрбиеледі.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болса, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында тәрбиеленушілерге ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыра отырып, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жобаларын ескере отырып, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында тәрбие процесіне белсенділік таныта отырып жұмыстар жасадық. 2021 жылдың 24 қыркүйегінде «Рухани жаңғыру жолында» дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 19 қарашада «Кітапханадағы бір күн» жобасы аясында ата-аналармен бірлесе отырып, мектеп алды даярлық және ересек топ балаларын ауыл кітапханасымен таныстыруға апардық. 2022 жылдың 21 қаңтарында «Табиғатым тамаша» тақырыбында сурет көрмесі ересек, МАД тобы арасында ұйымдастырылып өткізілді. «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» мерекесіне орай өткізілген іс-шарада ата-аналар бесікке салу рәсімін өткізген.

Балаларды жан –жақты тәрбиелеу мақсатында әр топта баланың жас ерекшелігіне сай жабдықталған дамытушы орта жасақталған. Онда баланың жас ерекшелігін ескере отырып ,психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда бессала мазмұнына сай дұрыс орналасқан. Балалардың дұрыс дамуына, танымын арттыруға, ойлау қабілеті мен есте сақтауын арттыруға әсер ететін жас ерекшеліктеріне сай ойыншықтар жиынтығы: әр түрлі көлемдегі түрлі-түсті пішіндер, кубиктер, пазлдар, құрастырмақтар, сақиналар, жұмсақ кітапшалар, көлік түрлері, жануарлар, құстар, түрлі-түсті доптар жинақталған. Топтар эстетикалық талғамға сай безендірілген. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай үлгі суреттер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (қуыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңке, үстел үсті және саусақ театры т.б.) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, гербарилер, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (бау-бақша, гүл өсіретін орындар) барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Бөбекжайдың әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» «Асхана» «Ұлттық бұрыш» «Табиғат бұрышы» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Балабақшада бір слайд тақта бір проектр бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі

пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Ойнайтын ұнаған ойыншықтарын балалар өздері таңдайды және оларға қолжетімді .

2021-2022 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес жоспарланып, өз мерзімінде өткізіліп отырады. 27.08.2021 жылы № 1 педагогикалық кеңесте Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті нормативті құжаттармен және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырылды. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары талқыланып бекітілді. үлгілік оқу жоспары, жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестелері, күн тәртібі, ашық оқу қызметінің кестелері талқыланып бекітілді. Сонымен қатар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 2021-2022 оқу жылына перспективалық жоспар құру үшін, өтпелі тақырыптар, вариативтік оқу қызметтері талқыланып бекітілді. Аттестаттау ережесі таныстырылды. Әдеп жөніндегі кеңес құру қаралды. 15.11.2021 жылы №2 педагогикалық кеңесте «Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке ықпал ету мүмкіндіктері. Бала үні», «Ересек топтағы балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында педагог жетекшілігімен өткізілетін ойынның рөлі», «Құрылымдалған және еркін ойындардың бала дамуына әсері» туралы қаралды. Жаңартылған білім беру мазмұныны байланысты бала үні, педагог жетекшілігімен ойын, құрылымдалған, еркін ойын дегеніміз не? деген сұрақтарға жауап алды. Оны оқу қызметтерінде қалай қолдануға болатыны туралы ой түйді.

17.01.2022 жылғы №3 педагогикалық кеңесте «І жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есептер берілді, І-жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау, ортаңғы диагностикалау, Саралап оқыту стратегиясын оқу қызметтерінде қолдану, ұйымдастырылған оқу қызметтерінде Монтессорий технологиясын қолдана отырып, баланың танымдық белсенділігін арттыру. «Оқу қызметінен тыс уақытта балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбындағы салыстырмалы тексеру мәселелері қаралды. Қорыта келе, І жарты жылдықтағы оқу – тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылды.

17 наурызда №4 педагогикалық кеңес «Көркем шығармаларды балалардың бойында адамгершілік және отан сүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы. Кеңес мынадай мәселелер төңірегінде өрбіді. Көркем әдебиет шығармалары арқылы балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесінің басқа тәрбие салаларына қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қоршаған ортаға, қоғамдық қарым - қатынасқа, рухани байлыққа байланысты. Осы орайда «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобында ертегіні тыңдап, сол ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, соның көңіл-күйін образ арқылы бейнелеп берді. Ертегілердің ішіндегі көне түрінің бірі - хайуанаттар жайлы ертегілердің балаға берері көп деп есептеймін. Адамды қоршаған табиғаттың әрбір бөлшегі соның тыныс – тіршілігі қызықты әрі жұмбақ. Тәрбиеші Жаппарова Жанар ұйымдастырылған оқу қызметінде: - Кім, хайуанаттар, еңбек және өнер жайында ертегілер біледі? - деген сұрақтар қойып, ойын түрінде өткізді.

Тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша «Қарлығаш» мад тобы мен «Қызғалдақ» ортаңғы топтары жақсы дайындық жүргізген.

23.05.2020 жылғы №5 педагогикалық кеңесте Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы бойынша 2021-2022 оқу жылының есебі. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, бастапқы, аралық, қорытынды жиынтық есептің оқыту нәтижесі. Оқу жылындағы балалардың денсаулығы мен сауықтыруы туралы есебі. Педагогтердің қорытынды ашық оқу қызметтері талданды. Жазғы кезеңдегі маусымдық-сауықтыру жұмыстарының іс-шара жоспарын қару, бекіту туралы мәселелер қаралды. Оқу-тәрбие жұмыстарын саралай келе, 2020-2021 оқу жылында тәрбиеші-педагогтердың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыра білуі стандарт талаптарына сай деп табылды.

№1 өндірістік кеңесте 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспармен таныстырылды. - Тәрбиешілердің жаңа оқу жылына даярлық ахуалы талданды-педагогикалық үрдістің жабдықталуы; - материалды жаңарту және жүйелендіру; - Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі шаралармен таныстыру; - Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауын ұйымдастыру, таныстыру; Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу; Маусымдық сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы мәселелер қаралды. №2 өндірістік кеңес желтоқсанда өтті. Онда : Балабақша ішілік еңбек тәртібінің нұсқаулықтарымен таныстыру; Ішкі еңбек тәртібін, күн тәртібін орындау, Кәсіподақ төрағасының 2021 жылға арналған есебі; - Санитарлық тексеру қорытындылары туралы мәселелер қаралды. №3 өндірістік кеңес тамыз айының соңында өткізіледі. Онда: Жұмыс қорытындылары және 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспарының орындалуын талдау; Мектепте оқуға даярлық (мад топтағы балалардың денсаулықтарын зерттеу нәтижелері); Тәрбиешілердің білім беру орындарына, семинарларға, кеңестерге қатысуы, Алған білімдерін жыл бойы тәжірибелік жұмысқа пайдалануы; Жазғы сауықтыру шараларының жоспарларын бекіту. Жазғы сауықтыру шараларын өткізу және ұйымдастыру. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар; Тәрбиешілерге жаз мезгілінде оқу-әдіскерлік құралдарын жаңартып, жүйелендіруге тапсырма беру; Ішкі күн тәртібінің ережелерін орындау сияқты мәселелер қаралады. Әкімшілік жанындағы кеңестер де дер кезінде жоспарға сай өткізіліп отырды. Барлық хаттамалар сайтқа салынды.

Балабақша 2021-2022 оқу жылын қорытындылай келе Биыл Жаңа жыл қарсаңында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды **Балалар жылы** деп жариялап, оларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек екенін айтып, тапсырма берген еді. Президент өскелең ұрпақтың болашағына мән беріп, жастарға зор үміт артатынын, сондықтан да өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау кергін нақтылады. Осы орайда балабақша жаздық сауықтыру кезеңінің басталуына орай 21.06.2022 жылы «**Бақытты балалық шақ, бұл мен және сен**» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинар өтті.

Мақсаты: «2022 жыл – Балалар жылы» аясында мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтары

мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Семинарда «Қарлығаш» мектеп алды тобының тәрбиешісі Жаппарова Жанар «Менің әлемім», «Бүлдіршін» ересек тобының тәрбиешісі Г.Сайдвалиева «Сиқырлы су», «Болашақ» ересек тобының тәрбиешісі А.Мыңжасар «Менің отбасым», «Қызғалдақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі С.Сағатова «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі, би үйретуші Э.Жайдарбек «Аэробика» жаттығулары, дене шынықтыру нұсқаушысы «Бұл мен және сен» толағай отбасылық жарыс, логопед-дефектолог Д.Оразбаева «Көңілді тіл» ертегісі, психолог М. Туреева «Бақытты балалық шаққа саяхат» келген қонақтармен психологиялық тренинг, балабақша әдіскері Н.Ажибаева мен саз жетекшілер біріге «Біз бақытты баламыз» музыкалық бағдарлама ұйымдастырып өткізді. Аудандық тәжірибелік семинарға Ордабасы аудандық білім бөлімінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіскері Шырын Пернебайқызы және аудандық балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілері қатысып, тәжірибелік семинар жоғары деңгейде өткенін айтып, өздерінің ұсыныстары мен пікірлерін білдірді.

2022-2023 оқу жылында балабақшаның жылдық жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын» басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес стандартын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа ала отырып оқу бағдарламалары жүзеге асырылды. Жоспар бойынша 5 педагогикалық кеңестің отырысы өткізілді. 29 тамыз 2022 жылғы №1 педагогикалық кеңесте 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары және жас ерекшелігіне сай топтардың күн тәртіптері, іс әрекет кестелері, үлгілік оқу жоспары бекітілді. Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, 4 мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып

табылады. №2 педагогикалық кеңесте «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» талабына сай заттық- дамытушылық ортаны ұйымдастыру мәселесі қозғалды. Сатандарт талабы баланы еркіндікке жіберу және бала өзінің қалағанын жасауға қолайлы орта құру негіз болып табылады. Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескере отырып жасалды. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы. Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек. Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс. Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс. Жоспарға сай іс- ірекеттер ұйымдастырылып өткізілді. Ашық оқу іс- әрекеттерінің өтілу барысы педагогикалық кеңесте талқыланды. Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылды. «Балапан» ортаңғы тобында тәрбиеші С.Сағатова «Жылан тәрізді болайық» балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйретіп, «жылан» тәрізді еңбектеу техникасын дамыту. «Қызғалдақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі П.Жасек «Бауырсақпен бірге шеңберге тұру» іс - әрекетінде шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастырып, допты қақпаға дәлдеп домалаты дағдысын жетілдіру, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын үйретіп, жалпы дамыту жаттығуларын алақандарына шақ текшелермен орындады. «Допты қақпаға дәлдеп домалату», «Допты дәлдеп лақтыр» қимылды ойындары мен «Қай жануар қалай секіреді?» пысықтау ойынын ойнатты. 06 қарашада «Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі Ж.Жаппарова «Е дыбысы мен әрпі» ақырыбында іс -әрекетін ұйымдастырды. Балаларға миға шабуыл жасап, артикуляциялық жаттығулар, дидактикалық ойындар, талдау және көңілді сергіту сәтін жасап, «бағдаршам» әдісі арқылы кері байланыс жасалды. Дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Әбен «Спорт біздің досымыз», «Болашақ» ересек тобының тәрбиешісі А.Әсіл «Күзгі

бақ», «Қарлығаш» мектеп алды тобының тәрбиешісі Э.Нысанбай «Ч дыбысы және Ч әрпі, әріп таңбасын жазу», Би үйретуші «Музыкалық ырғақты -көктем» тақырыбында іс – әрекеттерін өтті. Барлығы пед кеңесте қаралып талқыланды. Балабақшада, көшеде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін сақтауға үйрету барысында «Балабақшаға барар жолда», «Көліктер», «Сақ жаяу жүргінші», «Жолда жүру ережесінің әліппесі» тақырыбында барлық топтарда әңгіме жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 02 қыркүйекте «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында «Білім күні» өткізілді. Қыркүйектің 11-25 аралығында ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесе отырып «Жолда жүру ережелерімен таныстыру» яғни «Абайлаңыз балалар!» онкүндігін өткізді. Қазан айында және 17 қазанда «Алтын күз» мерекелігі өткізілді. Балабақшада «Тәуелсіздік- тұғырым» тақырыбындағы іс-шаралар жасалынып өткізілді. Сонымен бірге «Сыбайлас жемқорлыққа» қарсы, Рухани жаңғыруға байланысты іс-шаралар атқарылды.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: *күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, циклограммалар оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыс жоспарлар* <https://akkogershin.edu.kz/> сайтына жүктелді.

Үлгілік қағидалардың 10-тармағына сәйкес МКҚК «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттілікті қажет ететін тәрбиеленушілермен арнайы логопед-дефектолог Оразбаева Динара жұмыс жасайды. Логопедтің жұмысының негізгі мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың балабақшаға бейімделуіне барынша ыңғай таныта отырып, тілдік емес функциялардың кеңістіктерін және тілдік бұзылыстарды дер кезінде анықтау, негізгі қасиеттерді қалыптастыру арқылы барлық сфераларды (қозғалыс, демалу, сенсорлық және т.б) дамыту, тәрбиелеу және түзету, жеке дара ыңғай жасау көмегімен сөйлеу тіліндегі бұзылыстары бар тәрбиеленушілермен жұмыс жасау. Тілінде кемістігі бар балаларға тіл жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар, тілге жаттығулар жасау кезінде арнайы құралдармен, суджок, тіс щёткасы және т.б заттар қолданып, балалардың жақ сүйектеріне массаждар жасау арқылы балалардың сөздік қорын дамытып, дыбыстарды, сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету. Әр оқу жыл сайын 12 баладан құралған логопедтік пункт жұмыс жасайды.

2020-2021 оқу жылында:

3- жастағы балалар «ОНР III уровня» қорытынды (диагнозы) бойынша 7- тәрбиеленуші; 4 – жастағы балалар «Сложная дислалия» қорытынды (диагнозы) бойынша 3 -тәрбиеленуші; 5-жастағы балалар «ОНР I-II уровня» қорытынды (диагнозы) бойынша -2 тәрбиеленушімен жұмыс жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында;

3-жастағы балалар «ОНР II уровень»-1, «Дислалия»-2, «ОНР I уровень»-1 қорытынды диагноздары бойынша 4- тәрбиеленуші;

4-жастағы балалар «ОНР III уровень»-2 қорытынды диагнозы бойынша 2- тәрбиеленуші;

5-жастағы балалар «ОНР III уровень»-1, «Дислалия»-1, «Сложная дислалия»-4 қорытынды диагнозы бойынша 6-тәрбиеленушімен түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында:

3 жастағы балалар «Сөйлеу тілінің жеңіл бұзылыстары» қорытынды диагнозы бойынша 3-тәрбиеленуші:

4 жастағы балалар «Сөйлеу тілінің жеңіл бұзылыстары» қорытынды диагнозы бойынша 5-тәрбиеленуші, «Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары» қорытынды диагнозы бойынша 2-тәрбиеленуші:

5 жастағы балалар «Сөйлеу тілінің жеңіл бұзылыстары» қорытынды диагнозы бойынша 2 тәрбиеленушілермен түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді. Балалар жұмыстар өз деңгейінде ұдайы жүргізіліп отырады. <https://akkogershin.edu.kz/> сайтына балалардың қорытынды диагноздары мен логопед-дефектологтың жұмыстары жүктелді.

Бақылау және басшылық

Оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау , тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалаумен талдау арқылы жүзеге асырылды.

Бақылаудың мынадай түрлері өткізілді: тақырыптық ,салыстырмалы, ағымдағы және жан-жақты.Тақырыптық бақылау тәрбиешінің жұмыс істеу жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздеді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, өндірістік кеңестің талқылауына шығарылды. *(Барлық кеңестің хатталары сайтқа жүктелді)*

Үлгілік қағидалардың 14-тармағына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылында бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңін;

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңін;

3) мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады. *(балалардың топтан-топқа ауысуы туралы бұйрықтар мен мәліметтер қосымша жүктелді)*

Үлгілік қағидалардың 27-тармағына сәйкес «Отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункттер құрылған. Ол жерде ата-аналармен бірге дөңгелек үстел, ата-анамен пікір талас, ата-аналардың талап тілектері мен ұсыныстары қаралып , психолог түрлі тренингтер ұйымдастырады. 05.04- 20.04.2022 ж аралығында МКҚК-ны «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдарда ата – аналар мектебін қалыптастырудың тиімді жолдары» атты он күндік іс – шара өтті. Іс-шара жоспары сайтқа қоса жүктелді. *(сайтқа материалдар қосымша жүктелді)*

Үлгілік қағидалардың 28-тармағына сәйкес «Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 2-5 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылған» талабы бойынша балабақшада аз қамтылған және көп балалы отбасылар үшін кейде қайырымдылық қорынан көмек көрсетіліп отырады. *(көп балалы отбасылар туралы мәліметтер ҰББДҚ тіркеліп белгіленген, қосымша тізімдер жүктелді)*

Үлгілік қағидалардың 29-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылды. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдеп , қамқоршылық кеңестер болып табылады» талабы бойынша құжаттар сайтта ұсынылды.

Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шартына» сәйкес жасақталған келісім шарт тіркеу журналдары мен келісім шарттың көшірмелері сайтқа жүктелді.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері

Балабақшаның бағаланатын кезеңге 2020-2021 оқу жылында «Балапан» ерте жас тобының 25 тәрбиеленушісінің, «Қызғалдақ» , «Күншуақ» кіші топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Болашақ», «Бүлдіршін» ересек топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобының 25 тәрбиеленушісінің, 2021-2022 оқу жылында «Ботақан» ерте жас тобының 25 тәрбиеленушісінің, «Балапан» , «Күншуақ» кіші топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Қызғалдақ», «Балбөбек» ортаңғы топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Болашақ», «Бүлдіршін» ересек топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобының 25 тәрбиеленушісінің, 2022-2023 оқу жылында «Ботақан» , «Күншуақ» кіші топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Қызғалдақ», «Балбөбек», «Балапан» ортаңғы топтарының 75 тәрбиеленушісі, «Болашақ», «Бүлдіршін» ересек топтарының 50 тәрбиеленушісі, «Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобының 25 тәрбиеленушісінің жасалынған жеке даму картасы бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтері қаралды.

2022-2023 оқу жылында «**Бастапқы**» кезеңде жалпы балабақша бойынша балабақшада 200 тәрбиеленушілердің жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша біліктер мен дағдылардың дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша I деңгейде - 88 бала, төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 44%; II деңгейде - 90 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -45%; III деңгейде -22 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-11% құрады. «**Аралық**» кезеңде жалпы балабақша бойынша балабақшада 200 тәрбиеленушілердің жүргізілген біліктер мен дағдылардың дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша «Физикалық қасиеттерді дамыту» I деңгейде- 51 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-26% ; II деңгейде- 94 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -47%; III деңгейде- 55 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 28%; «Коммуникативтік дағдыларды дамыту I деңгейде- 54 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-27% ; II деңгейде- 91 бала, орташа деңгейдегі

балалардың үлесі -46%; III деңгейде- 55 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 28%; «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» I деңгейде- 57 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-29% ; II деңгейде- 88 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -44%; III деңгейде- 54 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 27%; «Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту» I деңгейде- 60 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-30% ; II деңгейде- 91 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -46%; III деңгейде- 49 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 25%; «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» I деңгейде- 59 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-30% ; II деңгейде- 95 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -48%; III деңгейде- 46 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 23% құрады. **«Қорытынды» кезеңде** жалпы балабақша бойынша балабақшада 200 тәрбиеленушілердің жүргізілген біліктер мен дағдылардың дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша «Физикалық қасиеттерді дамыту» I деңгейде- 94 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-47% ; II деңгейде- 78 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -39%; III деңгейде- 28 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 14%; «Коммуникативтік дағдыларды дамыту I деңгейде- 101 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-51% ; II деңгейде- 69 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 35%; III деңгейде- 30 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 15%; «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» I деңгейде- 92 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-46% ; II деңгейде- 74 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі - 37%; III деңгейде- 34 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 17%; «Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту» I деңгейде- 100 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-50% ; II деңгейде- 70 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -35%; III деңгейде- 30 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 15%; «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» I деңгейде- 98 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-49% ; II деңгейде- 70 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -35%; III деңгейде- 32 бала; төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 16% көрсеткішті көрсетті.

«Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырған. Баланың жеке даму картасының «Бастапқы» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын мазмұнын айқындап, даму мониторингінің кестесін түзген.

Балабақшаның 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбиеленушілердің мониторинг нәтижелерінің бақылау парақтары берілген, баламен жұмыс жүргізген жеке даму картасы бар. Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтары берілген, баланың жеке даму картасы толық толтырылған.

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс – тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындар мен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс – тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан.

«Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жаңарту, қоршаған ортаға қатысты тірлі

сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық сипаттағы әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білім саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұтастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Ортаңғы, кіші топтарында балалардың музыкалық және шығармашылық техникалық дағдылары мен ептіліктерін қалыптастыруға баламен жеке жұмыс жүргізілген.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

Әлеумет " білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс-тәсілдері қолданып нәтижеге жеткен.

2021-2022 оқу жылында «Бастапқы» кезеңде жалпы балабақша бойынша балабақшада 200 тәрбиеленушілердің жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша біліктер мен дағдылардың дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша I деңгейде - 80 бала, төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 40%; II деңгейде - 97 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -48%; III деңгейде -23 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-12% құрады.

Аралық мониторинг нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі оқу жылының ортасында 200 баланың I деңгей – 73 бала төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 36%; II деңгейде - 92 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -46%; III деңгейде -35 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-18% құрады.

Қорытынды кезеңде мониторинг нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі оқу жылының аяғында 200 баланың I деңгейде - 39 бала, төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 19%; II деңгейде - 113 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -57%; III деңгейде -48 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-24% екенін көрсетті.

2020-2021 оқу жылында «Бастапқы» кезеңде жалпы балабақша бойынша балабақшада 200 тәрбиеленушілердің жүргізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша біліктер мен дағдылардың дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша I деңгейде - 52 бала, төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 26%; II деңгейде - 98 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -49%; III деңгейде -50 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-25% құрады.

Аралық мониторинг нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі оқу жылының ортасында 200 баланың I деңгей – 79 бала төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 40%; II деңгейде - 88 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -44%; III деңгейде -32 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-16% құрады.

Қорытынды кезеңде мониторинг нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі оқу жылының аяғында 200 баланың I деңгейде - 17 бала, төмен деңгейдегі балалардың үлесі - 10%;

II деңгейде - 61 бала, орташа деңгейдегі балалардың үлесі -35%; III деңгейде -95 бала, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі-55% екенін көрсетті.


Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталады. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар ,қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қортынды кезеңдерімен балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланы жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

Бөбекжай балабақшаның бағаланатын кезеңге ұсынған 2020-2021, 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылында балалардың даму деңгейіне барлық топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі мен жиынтық есебі ұсынылды. Бағаланатын 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында МДТО МЖМБС-ның 1-қосымшасында көрсетілген бес білім беру саласы бойынша «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесіне» сәйкес, ал 2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасының 6, 7 -тарауда көрсетілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесі» және «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптар бойынша мониторинг жасалды. «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында 2022-2023 оқу жылына «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптары, қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры тәрбиеленушілердің қазақ тілінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін түрлі балалар әрекетінде дамыту бойынша: -қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру; -белсенді сөздікті байыту; -сөздік нормаларды; -мәдениетті қарым-қатынасты игерту бойынша; -ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту; -қазақ халқының тұрмыстық заттарымен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары; -туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрылған. -қазақ халқының ұлттық киімдерінен жыл мезгілдеріне сәйкес, үлгілері жасақталған. Мектепалды тобының тәрбиешілері Нысанбай Эльмира мен Жаппарова Жанар топтағы тәрбиеленушілерді «Қарақұм» елді мекеніндегі ауылдық кітапханаға экскурсиялық саяхат жасады. Суреттері сайтқа жүктелді. Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру мақсатында, «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасында «Қош келдің, Әз-наурыз!» атты ертеңгілік өтілді. Ертеңгілікке сегіз топтың тәрбиеленушілері толық қатысып, өнер көрсетті. «Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешілері мен мен «Күншуақ» кіші тобының тәрбиеленушілері біріге отырып

«Босаға майлау» дәстүрін және қазақтың ұлттық ойыны «Қыз қуу» мен «Оқтау тартыс» ойынын ойнаса, «Балапан» тобының тәрбиеленушілерінің ұйымдастыруымен «Бесікке салу», «Бүлдіршін» ересек тобында «Арқан тарту», «Қазақша күрес», «Қол күрес» ұлттық ойындарын ойната отырып, дәстүрлердің мәнін түсіндірді, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулыды. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру мақсатында «Болашақ» ересек тобының тәрбиешісі Әсіл Айгүл «Азық түліктер. Наурыз көже дайындаймыз» тақырыбында ұйымдастырылған іс - әрекетін өткізілді. Балаларға Наурыз мерекесі, оның маңыздылығы туралы түсініктерін дамыту, қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерін нақтылау, азық-түліктің үш түрі мен наурыз көжеге қосылатын азық-түліктерді атау арқылы тіл байлықтарын арттыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, көркем сөздер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. «Қарлығаш» мектепалды тобының тәрбиешісі Жаппарова Жанар «Ақылды егінші» ертегісі тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекетінде «Диқан адам дән шашар, ел – жұртына нан шашар» мақалы арқылы сөздік қорларын дамыту арқылы көркем сөз, сөздік жұмыс, ауызша -ырғақты жаттығу, ертегіні мәнерлеп оқу арқылы тірек сөздерді дұрыс айтуды үйретті. Балабақшада «Кішкентай Ханзада мен Ханшайым» атты балалар арасында байқау ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты тәрбие мен тәрбиеленушілер арасында қарым-қатынасты нығайту, балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу, қазақ құндылықтарын дәріптеу. «Ертегілер елінде» атты аптаның әр жұмасында тәрбиешілер балабақша бүлдіршіндеріне ертегілерді сомдап, театр арқылы, қуыршақ театры арқылы ұйымдастырылып балаларға қойылым қояды. Мектепалды тобының тәрбиеленушілері бір-бірімен еркін диалог құрады, суреттер бойынша әңгіме құрастырады. Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап таба алады. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолданады, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыра алады. Бұл күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде орындалатын жұмыстың нәтижесі. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету, өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салтдәстүрлер туралы айтуға баулу мақсатында «Балапан» тобының тәрбиешісі К.Қалтай «Әке көрген оқ-жонар, ана көрген тоң пішер» атты байқау ұйымдастырды. ұйымдастырылды. Байқауға тәрбиеленушілердің ата -аналары шақырылып, өз балаларымен байқауға қатысып, өнерін тамашалады. Ата-аналарымыз өзінің рухани құндылықтарын паш етті. Үлкендер өнегелі сөздерін айтып, ақ баталарын берді. 2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасының 6,7-тарауда көрсетілген «1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балалардың біліктері мен

дағдыларының тізбесі» және «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптар бойынша мониторинг жасалды.

Төменде «Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры» берілген талаптар бойынша ортаңғы топтар, ересек топтар, мектепалды топтарының мониторинг жасалды. Сайтқа қосымша мәліметтер жолданды.



5. Оқу-материалдық активтер

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңестік дамытушы орта құру негізгі мақсатқа алынды. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бұғалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтарындағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.

Баланың динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді.

Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Балабақша ішілік тексерулермен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг

нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл – қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдылық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды, мына міндеттер алынды.

1. Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл белсенділігін, ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындардың элементтерін, командамен бірге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

2. Балалардың белсенді сөздік қорын байыту, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауыз екі байланыстырып сөйлеуді, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру.

3. Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру өлеңдер жаттау, кітаптарды оқып беру, кітап бұрышын ұйымдастыру.

3. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым-қатынасын орнату.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасына табуда. Ата-аналарды балабақша өміріне араластыру мақсатында «Кітап алтын қазына» акциясы ұйымдастырылды, «Кітап біздің досымыз» бұрышына ата-аналар балаларға арналған кітаптар сыйлады.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халықының мәдениетімен салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттау, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды тандау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға жіне т.б мүмкіндік берілді. Кітап бұрышын жасау, кітап уақытша пайдалануға үйге беру қолға алынып жатыр.

7. Тәрбиеленушілердің білімдігін бағалау.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынысына сүйеніп жасалынады. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педпгог мамандармен бірге үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықталады. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылау қаңтар , қортынды бақылау мамыр айында жүргізілді. 2020-2021, 2021-2022, оқу жылындағы бастапқы, аралық, қортынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған . Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының карталары көшірмелері электронды нұсқада жіберілді.

8. Білім беру процесіне қатысушыларының және т.б сауалнамасы.

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады: Ұйымдастырушылық(ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі); -ақпараттық ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру, ата –аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру , жеке педагогикалық көмек! -Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-ашараға тарту , бос уақытта ,сауықтыру шараларына қатысу; балабақшаға мүмкін болатын көмек көрсету. -ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

«Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 заңының 59-бабы, 4,4-1 тармақтарының негізінде, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 8-тармағына сәйкес, балабақшада «Қарлығаш» мектепалды тобының ата- аналары мен және балабақша педагогтарымен онлайн сауалнама алуға телеграмм каналы арқылы чаттар ашылып сілтемесі жолданды.

Тәрбиеленушілер жетістіктері

№	Қатысушының аты-жөні	Конкурс атауы	Берілген мекеме атауы	Марапат деңгейі	мерзімі
1	Қалмаханбет Көркем Ғалымжанқызы	А.Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Сурет салу» байқауы	«MANGILIK EL JASTAPY» қоғамдық қоры төрағасы А.Б. Сайлаухан.	II дәрежелі диплом	2020 ж
2	Талғат Аян Нұрсұлтанұлы			II дәрежелі диплом	2020 ж
3	Амангелді Нұрислам Керімжанқызы			I дәрежелі диплом	2020 ж
4	Сайлау Шыңғысхан Болатбекұлы			II дәрежелі диплом	2020 ж
5	Әбілхан Таншолпан			II дәрежелі диплом	2020 ж
6	Солдатбек Аяна	Нұр-Сұлтан қаласы «Жаңа білім» кәсіби білім беру және тұлғалық даму орталығының республикалық математикалық «Ақылды бала» байқауы	«Жаңа білім» кәсіби білім беру және тұлғалық даму орталығының директоры Г.Айменова	I дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
7	Өмірәлі Ахмет			II дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
8	Нышанбек Әлинұр			I дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
9	Нұрғазы Назым			II дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
10	Мусабаев Нұрислам			I дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
11	Мәді Байбек			I дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
12	Қалибек Құрмет			III дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
13	Сайлаубек Нұрасыл			III дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж
14	Төребек Айдидар	II дәрежелі диплом	2020-2021 о.ж		
15	Түймебай Адина	Республикалық «Бал-бала» байқауы	Білім және Ғылым орталығының басшысы Тұрсынқызы Ғ.А	II дәрежелі диплом	2021ж
16	Талғатқызы Аяла			II дәрежелі диплом	2021ж
17	Жетәлі Айкөркем			I дәрежелі диплом	2021ж
18	Жолдасәлі Арсен			III дәрежелі диплом	2021ж
19	Қалибек Парасат			III дәрежелі диплом	2021ж
	Базарбай Шәкәрім			II дәрежелі диплом	2021ж
20	Түймебай Адина	Халықаралық «Өрлеу» орталығы «Балапан – бояулар әлемі» байқауы	Халықаралық «Өрлеу» орталығы	I дәрежелі диплом	2022ж
21	Шүкірәлі Фатима	Республикалық «Бал-бала» байқауы	Білім және Ғылым орталығының басшысы Тұрсынқызы Ғ.А	I дәрежелі диплом	2022ж
22	Әбіхан Нарұл			III дәрежелі диплом	2022ж
23	Беркінбек Айзере			III дәрежелі диплом	2022ж
24	Боранбек Жібек			II дәрежелі диплом	2022ж
25	Исмайыл Айсұлтан			I дәрежелі диплом	2022ж
26	Аман Нұриман	«Әжем айтқан ертегі» аудандық балабақшалар арасында байқауы	АББ басшысы Ш.Нұрабаева	III дәрежелі диплом	2023ж
27	Ізетхан Қасымхан	«Әке көрген оқ-жонар, ана көрген тоң-пішер»	АББ басшысы Ш.Нұрабаева	III дәрежелі диплом	2023ж
28	Қалибек Береке	«Балалық шақтан - болашаққа» ана тілі байқауы	Ордабасы аудандық Тілдерді дамыту орталығы.	II дәрежелі диплом	2023ж

ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРТЫНДЫЛАУ

«Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Өзіндік бағалау 2023 маусым айының 12-16 аралығында өтті.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ: Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-1 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеуде жұмыстарының озық үлгідегі жанылықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл – күй мен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Комиссия төрайымы б/б меңгерушісі:

Г.Б.Нарбек.

Мүшелері:

Н.Б. Ажибаева.

А.Е. Бектұрған.

А.Ж. Әсіл.

Ж.А. Жаппарова.